

Экспорттық айырбас операцияларын тәртіпке келтіру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 8 ақпан N 141. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995.07.17. N 984 қаулысымен.

Экспорттық операцияларды тәртіпке келтіру және валюта түсімдерінің толық түсуін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі стратегиялық маңызы бар тауарлар номенклатурасы бойынша айырбас операцияларына жасалатын контрактылар мен берілетін лицензияларды тіркеуді облыстардың, Алматы және Ленинск қалалары әкімдерінің өтініші бойынша Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің рұқсатының негізінде ғана жүзеге асырын.

2. Халықаралық агроЭнеркәсіп биржасы айырбас операциялары бойынша астық пен мақтаны экспортқа шығару үшін сертификаттар беруді тек Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің рұқсатының негізінде ғана жүзеге асыратын болсын.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі экспортқа

өнімнің шығарылуына бақылауды күшейтсін, Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі мен өкілетті банктерге жөнелтілген өнімнің мөлшері мен валюта түсімінің сомасын көрсетіп, жедел түрде кеден декларацияларының тіркелімін табыс етсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК